

6- САБАҚ

Пән: Қазақ тілі

Деңгей – В1

Апта – 6

Кредит саны – 3

Практикалық сабақ - 3

Лексикалық тақырып: **1. МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАДЫҢЫЗ БА?**
2. ҚАБІЛЕТ ЖӘНЕ МҮМКІНДІК

Грамматикалық тақырып: **МЕЗГІЛ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР**



1-тапсырма. *Ой қозғау.* Мамандық пен еңбек туралы өз пікіріңізбен бөлісіңіз.

МАМАНДЫҚ – ОЛ...

Мамандық – бұл арнайы біліктілік пен білімділікті талап ететін, адамның еңбек қызметінің түрі.

ЕҢБЕК – ОЛ ...

Еңбек – бұл адамның қызметі, материалдық және рухани жағдайын құруға бағытталады.

ЕҢБЕК ПЕН МАМАНДЫҚТЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ...

Еңбек әрқашан мақсатты, яғни әрдайым нәтижелі болу керек, ал мамандық латын тілінен аударғанда – ресми көрсетілген іс, яғни мамандық иесі болу үшін арнайы оқу керектігін көрсетеді.



2-тапсырма. *«Мамандықты қалай таңдау керек?» деген сұраққа жауап беріңіз.*

Сіздің қолыңызда мамандықты таңдауда бағыт берер 5 кеңес бар. Осы кеңестерді өз топтасыңызбен талдаңыз. **Келісемін және келіспеймін** деген жауаптарыңызды нақты дәлелдермен дәлелдеңіз.

1. Алдымен елімізде бар мамандықтардың тізімін жасау қажет. Қай мамандық туралы көбірек сөйлеп, сипаттай алатын болсаңыз, сол мамандық сіздің табиғатыңызға жақын деген мағынаны білдіреді.

2. Сіздің хоббиіңіз қандай? Сіз оны мамандыққа айналдыра алар ма едіңіз?

3. Сәнге айналған мамандыққа жүгірмеңіз.

4. Мамандықтың жаманы жоқ.

5. Амал жоқтықтан таңдау.



3-тапсырма. ӨЗ ОЙЫҢЫЗДЫ БІЛДІРІҢІЗ

Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар екен.

Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12 %-ы қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма? Әлде өзінің болашақтағы кәсіби қызметіне жан жақты дайындалу керек шығар?! Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықтарды қалай таңдауға болады?



4-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.

Мамандық әлемі, отбасы дәстүрі, материалдық жағғы, тұлғалық қасиет, бейімділік, адам тағдыры, биік мақсат, моральдық сезім, еңбектің қуанышы, есте сақтауы, соңғы шешім, дербестікке талпыныс, қызығушылық, қабілет,

ОҚЫЛЫМ



5-тапсырма. Мәтінді оқып, талдаңыз.

МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАДЫҢЫЗ БА?

Мамандық таңдау - адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін отбасы мен мектеп мамандарының орны ерекше.

Адам өзінің болашақ кәсібіне әр түрлі жолдармен келеді. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге – әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң т.б. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет.

Мамандық таңдау-белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, тіршілік көзі, дағды жүйесі.

Қазіргі күнде мамандықтың түрлері көп. Әркім өзінің жүрек қалауымен көңіліне жағатын мамандықты іздей бастайды. Заманның талабы бойынша мамандық түрлері де өзгеріп отырады.

Мамандық таңдаудың екі әдісі – тәсілі бар.

Бірінші әдіс — сынақ және қателік, адам нағыз қажетті мамандықты таппайынша адаса жүріп әр түрлі салаларда жұмыс істеуіне болады, бұл оған

жақсы өмір сыйлаумен қатар, еңбектің қуанышын да сыйлайды. Бұған адам өмірінің жартысы кетуі мүмкін.

Екінші әдіс — қандай мамандық таңдаса да әрбір адамға қажетті өзін-өзі тану, өзінің қызығушылығын, қабілетін, ойын, есте сақтауын, қабылдауын, жүйке жүйесінің қалыбын білу.

Өзің туралы білген соң, мамандық әлемімен танысуға, сол мамандықтағы өз мүмкіншілігіңді, адамның маманға сай болу жөнінде білуіңе болады.

Тағы да үшінші жол бар. Ол - өзіңнің ата-анаңның, атаңның және бабаларыңның мамандығын таңдау. Мұндай жағдай егер отбасында мамандықтың ұрпақтан-ұрпаққа берілу дәстүрі болғанда таңдауға болады. Бірақ ең бастысы - адамның өз маманына деген қарым-қатынасы, өз ісіне деген сүйіспеншіліктен туындамақ.

Болашақ мамандық таңдау кезінде үлкендердің көмектескеніне қарамастан, соңғы шешімді адамның өзі қабылдайды және одан арғы жауапкершілікті де өз мойнына алады.

Мамандық таңдау – маңызды және жауапкершілікті талап ететін жұмыс! Мамандық таңдауда ең бірінші орында қызығушылық пен қабілетіңе, арман – тілектеріңе назар аудару керек, тек содан кейін ғана отбасының салт- дәстүрлерін, отбасының қызығушылығын ескеріңіз.

1. Өз қалауыңызбен таңдалған мамандықтың пайдасы мен кері әсерлерін отбасы мүшелерімен бірлесіп шешуге тырысыңыз!

2. Болашақ мамандықты таңдау кезінде, материалдық жағынан пайдасы мол мамандықтарды ғана емес, сонымен қатар моральдық сезімдеріңізді қанағаттандыратын мамандықтарды да қарастыруға тырысыңыз!

3. Болашақ мамандықты таңдау кезінде, таңдалған кәсіпке тұлғалық қасиеттеріңнің сәйкес келу, келмеуін де ескере отырыңыз!

4. Егер мамандық таңдау барысында қарама-қайшылық туындап жатса, психологпен кеңесу мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

5. Өзі қалаған мамандығы бойынша жұмыс істеу адамға зор ләззат береді, оның нәтижесі де мол болмақшы!

6. Естеріңізде болсын! Балалар ата-ананың таңдаған мамандықтарын салт – дәстүр ретінде жалғастыруға жақын тұрады.

Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс – табыс биігіне жеткізетін қанат.

(Қосымша ақпаратты мына дереккөзінен алуға болады: https://massaget.kz/okushyilarga/jogargyi_syinyip/24796/)

6-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мағыналық бөліктерге бөліңіз.

✚ Әр бөлікке ат қойыңыз.

✚ Әр бөліктен негізгі ойды білдіретін бір-екі сөйлем табыңыз.

7-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ойыңызбен бөлісіңіз.

- ❖ Мамандық дегенді қалай түсінесіз?
- ❖ Мамандық таңдау үшін адам нені тануы қажет?
- ❖ Мамандық таңдаудың қандай тәсілдері бар?
- ❖ Сіз өз мамандығыңызды дұрыс таңдадыңыз ба?
- ❖ Мамандық таңдауыңызға кімнің ықпалы болды?
- ❖ Мүмкіндік болса таңдаған мамандығыңыз туралы сипаттама беріңіз.

8-тапсырма. Кесте бойынша болашақ мамандығыңызға қатысты ақпаратты айтыңыз.

	Бірінші әдіс	Екінші әдіс	Үшінші әдіс	Нені ескеру керек?
Мен таңдаған мамандық				

Жазылым



9-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемнің екінші жалғасын жазыңыз.

1. Мамандықты таңдау үшін _____.
2. Әр мамандық өзінше тартымды _____.
3. Мамандық таңдау-белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі _____.
4. Болашақ мамандық таңдау кезінде үлкендердің көмектескеніне қарамастан _____.
5. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет _____.
6. Өз қалауыңызбен таңдалған мамандықтың пайдасы _____.
7. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе _____.
8. Өзі қалаған мамандығы бойынша жұмыс істеу адамға зор ләззат береді _____.

10-тапсырма. Үлгі бойынша ары қарай жалғастырыңыз.

<i>Мамандықты дұрыс таңдаудың пайдасы</i>	<i>Мамандықты дұрыс таңдай алмаудың зияны</i>
<i>Өмірде өз орныңды таба білу</i>	<i>Жауапкершілікті сезінбеу</i>

ТЫҢДАЛЫМ

11-тапсырма. Берілген сілтеме бойынша «Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмір кілті» атты видеомен танысып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

<https://www.youtube.com/watch?v=tlHBxzzWuNQ>

- Анасы қызының суретші болуына неге қарсы болды деп ойлайсыз?

- _____
- _____
- Әкесі баласының «Диплом» алып жетістікке жеткенін кімнен білді?

- _____
- _____
- Әкесі баласының ары қарай сүйікті ісімен айналысуына көмектесе алды ма?

- _____
- _____
- Бірнеше айдан соң екі баланың да жетістікке жетуіне не түрткі болды деп ойлайсыз?

- _____
- _____

12-тапсырма. Берілген мәтіндер қай суретке тән екенін айтыңыз. Бұл мамандықтар бойынша тағы не айтуға болады? Ұсынылған мәтіндерді өз сөзіңізбен кеңейтіңіз.



Құрылыс... Бұл сөзді естігенде көз алдымызға әрине, кірпіш, цемент, құм, қиыршық тас, саз, әк т.с.с. құрылыс материалдары елестейді. Дұрыс, себебі құрылыс материалдарынсыз құрылыс жүрмейді. Тіпті, кез-келген елдің экономикасын құрылысына қарап-ақ білуге болады. Құрылыс жүріп жатса, онда айналым, ақша, жұмыс бар деген сөз.

«Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағы — 1993 жылы белгіленді. Атақ ғарышқа ұшудың тапсырылған бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асырған, алдарына қойылған ғылыми-техникалық, зерттеушілік және практикалық міндеттерді үлгілі орындаған азаматтарға беріледі.

Дәрігер мамандығының қырсырын қанық біліп, анық сол жолды таңдау үшін үлкен жүрек керек. Ақ халатты киіп алу шарт емес, әрбір дәрігер маман адам өмірінің арашасы екендігін білуге тиіс.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Берілген үш мамандықтың қайсысы қазіргі кезде сұранысқа ие және оның себебі неде? Өз ойыңызды 50-60 сөздермен жазып беріңіз.

14-тапсырма. «Болашақта ең қажет етілетін 10 мамандық» бойынша жұмыс.



✚ Мамандық таңдау сатысында тұрғандар үшін аналитиктердің болашақта ең қажет етіледі деп тапқан 10 мамандығымен таныс болыңыз.

- ✚ Кестені толтырыңыз. Бір мамандыққа қатысты үлгі берілген.
- ✚ Осы аталған мамандықтарға қосымша қай мамандықтарды қосар едіңіз?

Мамандық атауы	Аталған мамандықтың қоғамдағы орны
Инженерлер	Қазірдің өзінде көп елдерде мықты инженерлердің жетіспеушілігі байқалады. Елдің өндіріс пен техника саласында дамуында бұл мамандардың орны ерекше.
<i>IT саласының мамандары</i>	
<i>Нанотехнология саласының мамандары</i>	
<i>Электроника және биотехнология мамандары</i>	
<i>Маркетолог</i>	
<i>Қызмет көрсету бойынша мамандар</i>	
<i>Логистер</i>	
<i>Экологтар</i>	
<i>Дәрігерлер</i>	
<i>Химиктер</i>	

ОҚЫЛЫМ

15-тапсырма. Берілген сілтеме (<https://bilimland.kz/kk/news-articles/articles/bolashata-sranysa-ie-bolatyn-mamandytar-anday>) бойынша болашақта сұранысқа ие болатын мамандық туралы ақпаратты оқып, жоғарыда келтірілген мамандықтармен салыстырып көріңіз. Өз пікіріңізді білдіріңіз.

16-тапсырма. «Бұл қандай мамандық?» кәсіби бағдар ойыны

Сіздерге әртүрлі мамандықтар айтамын, ал сіздер 30 секунд ішінде жолдастарыңызға қарап аталған мамандық көбірек кімге үйлесетінін іштей

анықтайсыз. Сосын не себепті сол адамға таңдағандарыңызды және не себепті сол мамандыққа сәйкес келетіндігі туралы өз ойларыңызды жеткізесіз.

Мұғалім, жүргізуші, дәрігер, тігінші, әнші, журналист, спортшы, аспаз, эколог, заңгер, т.б.

АЙТЫЛЫМ

17-тапсырма. Топтық жұмыс. Бір мамандықты жұмбақтап айтыңыз. Қалған топтастарыңыз сол мамандықты табуы керек.

Үлгі: Бұл мамандықтың жалақысы жаман емес. Ол адамдармен жұмыс істейді. Ол үнемі атақты, танымал адамдарды іздеуі керек. Сонымен қатар ол елдегі жаңалықтар және болып жатқан жаңалықтар туралы бірінші естиді. (Журналист-тілші).

Сіздер жасыруға тиісті мамандық атаулары: бастық, тергеуші, суретші, хатшы.

18-тапсырма.Төмендегі сұхбатты оқыңыз.

Пікірлесуші: Сіз қазіргі жұмысыңызды не үшін ауыстырғыңыз келеді?

Үміткер: Қазіргі жұмысымда жұмыс сағаты өте көп. Келісімшартқа қарамастан, кешкі алтыдан кейін жиі қаламын. Отбасым, жас балам болғандықтан, жұмысымды ауыстырғым келеді. Жаңа жұмысымда дер кезінде үйіме қайтсам екен деймін. Аптасына аз жұмыс сағаты болса ғой...

Сіздің жауабыңыз:

19-тапсырма 1. Жағдаяттық тапсырма.

Сіз өз қалауыңызбен таңдаған мамандыққа оқуға түстіңіз. 2-курстан кейін досыңыздың мамандығы ұнап, сол мамандыққа көңіл аудара бастадыңыз. Алдымен кімнен кеңес сұрап, қандай әрекет жасайсыз?

2. Жағдаяттық тапсырма.

Елімізде бар мамандықтардың тізімін жасау қажет. Солардың ішінен ұнамайтындарын сызып тастаңыз. Өзіңізге ұнайтындарының біреуін таңдап, сол мамандық жайлы досыңызға жарнама жасап көріңіз. Мысалы, дәрігер, электрик, сатушы, спортшы, т.б.

3. Жағдаяттық тапсырма.

Мамандықтың жаманы жоқ. Мысалы, сіз бала дәрігері болғыңыз келеді. Жас кезінен осы мамандықты армандадыңыз. Алайда ата-анаңыз қарсы, олар баласының заңгер болғанын қалайды. Дегенмен, осы салада білім алсаңыз, кейін медициналық орталық ашуыңызға да болады. Сізге ұнайтын мамандықты ата-анаңызға қалай түсіндірер едіңіз?

Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз.
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз.

Әл-Фараби

ЖАЗЫЛЫМ

20-тапсырма.

1. Достарыңыздың арасында сауалнама жүргізіңіз.

Сауалнамада қойылатын сұрақтар

- 1) Бұл мамандықты кім таңдады: өзіңіз бе, әлде ата-анаңыздың немесе тағы басқа адамның қатысы бар ма?
- 2) Қазіргі оқып жатқан мамандығыңыз өзіңізге ұнай ма? Неге ұнайды? 5 себеп жазыңыз.
- 3) Болашақ мамандығыңыз өзіңізге ұнамай ма? 5 себебін жазыңыз.
- 4) Егер бұл мамандық болмаса, қандай мамандық иесі болар едіңіз? Неге? Себебін түсіндіріңіз.
- 5) 5 жылдан кейін өзіңізді осы сала бойынша қандай жетістікке жетемін деп ойлайсыз? Неге?

2. Сауалнама жауаптары бойынша сараптама жасаңыз. Қорытынды баяндама жазыңыз.

21-тапсырма. Берілген тақырыптар бойынша эссе жазыңыз. (Студенттер өз таңдауы бойынша 1 тақырыпты таңдап алуына болады)



«Мамандықты дұрыс таңдау дегеніміз не?», «Өзіңді болашақ маманға қалай дайындауға болады?», «Менің мамандығым - менің мақтанышым», «Нарық жағдайында мамандық таңдау».

Мезгіл мәнді қатынастың берілуі

Мұнда бағыныңқы компонент басыңқыда хабарланған белгілі бір ойдың қай мезгілде орындалғаны немесе орындалатыны жайындағы уақыт мөлшерін білдіріп тұрады. Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың, басқа да бағыныңқылардай, әрқайсысының өзіндік дербес грамматикалық бастауыштары болуы қажет. Бұлай болмаған жағдайда ондай сөйлеміміз мезгіл бағыныңқылы сабақтас болып табылмай, жай сөйлемнің күрделенген түрін құрайды. Мысалы: 1) Мен келген сайын ылғи Асанның кітап оқығанын көремін. 2) Мен осында келген сайын, Асан ылғи кітап оқып отырады.

Мезгіл бағыныңқылы сөйлем қашан? қашаннан бері? қашанға шейін? деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) жатыс септік тұлғасындағы есімшеден: Сабақ аяқтала бергенде, үш-төрт студент келіп, насихат жұмысын жүргізді.

ә) есімше тұлғалы етістікпен кезде, күнде, уақытта, шақта мезгіл мәнді сөздер: Айнұр кітапханаға барған шақта, Қанат кетіп қалған еді.

б) барыс, шығыс септік тұлғасындағы есімше мен шейін, дейін, кейін, соң, бері, бұрын шылауларының тіркесінен болады: Семинар аяқтала бере, кітапханашылар кітаптарын жинай бастады.

в) *-ша, -ше* тұлғалы есімшеден: Орталық ашылғанша, бірталай адам жиналып қалды.

г) көсемшенің *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* тұлғасынан: Сабақ басталғалы, мәжіліс залдары босаған емес.

з) етістіктің шартты райынан: Ардақ келсе, қайырымдылық кеші басталып кетіпті.

е) *-ысымен, -ісімен* қосымшалы етістіктен: Студенттер келісімен, олар қатысушыларды түгендеп үлгерді.

Мезгіл мәнді құрылым құрылымдар

22-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін пайдаланып, мезгіл мәнді сөйлемдер жазыңыз.

Мамандық таңдаған уақытта, көмектескен соң, өзгеріс болғанда, тыңдағаннан кейін, жұқпалы аурумен ауырғанда, жазған соң, спортпен айналыспағанда.

23-тапсырма. Берілген сөйлемдердің басыңқы сыңарын тауып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Университетті бітірген соң, _____. 2. Тапсырманы орындап үлгергенде, _____. 3. Конференцияда баяндама жасағанда, _____. 4. Біз дәрістен кейін, _____. 5. Қазақ драма театрына барған уақытта _____. 6. Мен болашақ заңгер болған соң, _____. 7. Мамандығым экономист болғаннан кейін, _____. 8. ҚР Президентінің жолдауынан кейін, _____.

24-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беру барысында мезгіл мәнді құрылымдарды қатыстырып, өз пікіріңізді жазбаша білдіріңіз.

Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек?

- Бейімділігі (қызығушылығы, еңбек түрткісі, ынтасы);
- Қабілеті, денсаулық жағдайы (ішкі мүмкіндіктер мен шектеулер);

- Ықылас деңгейі мен өзін-өзі бағалауы;
- Икемі;

Жақсы маман болуды мақсат еткен соң, адам нені білуі және үйренуі қажет?

- Өзіне, қоғамға тигізетін пайдасын білу;
- Кісілік қасиеттерге (имандылық, ізгілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлық, жігерлілік,, т. б.) ие болу;
- Ортамен қарым-қатынас жасай білу;

25-тапсырма. Төмендегі пікірді оқып, мезгіл мәнді құрылымдыр қатысқан сөйлемдер құрастырыңыз.

Ғалымдар бірқалыпты жұмыстың зиянын анықтады.



Сарагоса Университетінің психологтары жүйкені тоздыратын, күйзеліске жақын, қауырт жұмысқа қарағанда іш пыстыратын, бір қалыпты жұмыстың тигізетін зияны анағұрлым жоғары екенін айтады. Бұл тұрғыда, көбіне, қызмет көрсету саласындағы жұмыскерлер мен шенеуніктер зардап шегеді екен. Әсіресе, бір қызметте 16 жылдан аса жұмыс жасап келе жатқан ер адамдар енжарлыққа жақын келеді.

26-тапсырма. Топтық жұмыс.

Адамның қабілетін ашатын қажетті мүмкіндіктер мен кері әсерін тигізетін жағдайларды жазыңыз.

Бір-біріңізге оқып беріңіздер. *Келісетін / келіспейтін* қасиеттер туралы пікір алмасыңыздар.

I	II	III
Педагогикалық қабілет		

ОҚЫЛЫМ

27-тапсырма. Мәтінді оқып, талдаңыз.

ҚАБІЛЕТ ЖӘНЕ МҮМКІНДІК

Күнделікті өмірде «қабілет» деген сөзді жиі қолданамыз. Университетте студенттерге түрлі қоғамдық жұмыстар жүктеледі олардың кейбіреулерінің ұйымдастырушылық, екіншісінің ғылыми жұмысқа бейімділігі, үшіншісінің музыкалық қабілеті еске алынып, бұған ерекше мән беріліп отырылады. Бұл мысалдар әр адамның әрекеттің бір түріне жарамдылығын көрсететін дара ерекшелігі болатынын байқатады.

Қандай да болмасын бірер нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Ол біреуде күшті, біреуде шамалы болып келуі мүмкін.

Бұл мағынада алғанда адамдардың тең емес екендігі түсінікті. *Қабілеттіктің өлшемі* – белгілі бір істің нәтижелі болып орындалуында. Қабілет адамның іс – әрекетінің белгілі – бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі, тілдерді жақсы меңгеру т.б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атайды.

Қабілет негізінен екіге бөлінеді. Адамның ақыл- ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет *жалпы қабілет* деп аталады. Ақылдың орамдылығымен сыншылдығы, материалды еске тез қалдыра алу, зейінділікпен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық т.б. осы секілді ақыл-ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер *жалпы қабілет* болып табылады.

Іс-әрекеттің салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті **арнаулы қабілет** деп атайды. Бұған суретшінің, музыканттың, актёрдің, спортшының, математик-ғалымның, ақын жазушының қабілеттерін жатқызуға болады.

Адамда туындайтын немесе оның белгілі бір дағдылар мен міндеттерді орындау үшін жетілдіретін туа біткен қасиеттерінің жиынтығы оның қабілеттері деп аталады. Қабілеттер көбінесе адамның генетикалық құрамының нәтижесі болып табылады.

Алайда баланың белгілі бір салада қабілеті болса, оны түсіне алатын мүмкіндігі де бар. Егер 5 жасар баланың негізгі гимнастикалық жаттығуларды орындау мүмкіндігі болса, сарапшылар баланың қабілетін оның мүмкіндігіне қарай бағалайды. Егер ойыншы өзінің алғашқы дебютін көрсетсе, оның жарқыраған көрінісін көрсетсе, таңдаушылар оның мүмкіншілігін түсінеді және оған кейінгі ойындарда өз әлеуетін ақтауға мүмкіндік береді.

Жазылым.

28-тапсырма. Мәтіндегі басты ойды білдіретін 5-7 кілт сөз бен сөз тіркестерін тауып, жазыңыз.

29-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

- Қабілет адамның іс – әрекетінің белгілі – бір түріне, _____ біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады.
- Іс-әрекеттің салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін _____ **арнаулы қабілет** деп атайды.
- Қабілеттер көбінесе адамның _____ құрамының нәтижесі болып табылады.
- Қандай да болмасын бірер нәрсеге қабілеті жоқ _____.
- Бұл мысалдар әр адамның әрекеттің бір түріне жарамдылығын көрсететін дара _____ болатынын байқатады.

(Қажетті сөздер мен сөз тіркестері: адам болмайды, генетикалық, өнер саласының, ерекшелігі, қабілетті)

Айтылым

30-тапсырма .«Қабілет кілті» деген тақырыпта өткен ток шоуда қабілетті балалар туралы айтылады. (Сілтеме

<https://www.youtube.com/watch?v=Q9qawX9Z2Gs>)

Видеороликтегі балалардың кішкентай кезінен қабілетті болуына кімнің ықпалы бар деп ойлайсыз?

Сіз журналист болсаңыз қандай сұрақтар қояр едіңіз?

31-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.

Ата- анаңыз сіздің тілді меңгеру қабілетіңізді байқап, арнайы курстарға жіберді. Сіз ол мүмкіндікті дұрыс пайдалана алмадыңыз. Жіберіп алған мүмкіндіктің орнын қалай толтырар едіңіз?

32-тапсырма.Жағдаяттық тапсырма.

Сіз жаңа жұмыс орнына түйіндемеңізді жіберуіңіз керек. Қызығушылығы және қабілеті деген бөлімдерде өзіңізге қатысты не жазар едіңіз?

Қабілеті	Қызығушылығы

33-тапсырма.Қабілет туралы презентацияны көріп, өзіңізге бұрын таныс болмаған ақпараттар туралы айтыңыз.

<https://ppt-online.org/204571>

34-тапсырма..Берілген нақыл сөздерді оқып, мүмкіндік туралы өз пікіріңізбен бөлісіңіз.

- Өз **мүмкіндігінді** ескеріп, оны үнемі дамытуға тырысу керек.

Тим Кук

- Қолайлы **мүмкіндік** қиындықтар мен мәселелердің арасында жасырынып жатады.

Альберт Эйнштейн

- Кез келген дағдарыс – бір жаңа **мүмкіндікті** тудырады.

Уинстон Черчилль

- Сәтсіздік – бәрін де ақылға салып жаңадан бастауға берілетін **мүмкіндік**.

Генри Форд

- Әрбір адам күн сияқты, тек оған жарқырауға **мүмкіндік** беру керек.

Сократ

- Ақылды адам барлық қателікті өзі жасамайды, ол басқаларға қателік жасауға **мүмкіндік** береді.

Уинстон Черчилль

35-тапсырма.Төменде берілген сілтеме бойынша жұмыс жасаңыз. Шетел азаматы Ник Вуйчичтің «Тағы бір күн – тағы бір мүмкіндік» деген нақыл сөзінің астары неде деп ойлайсыз?

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/30937/>

<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/30937/>

Қорытынды тапсырма.

1. Мәтіннің мазмұнын айту(5, 27-тапсырма)

2. 9,13, 21- тапсырмаларды жазбаша орындау;

3. 19,29-тапсырмалар бойынша жұмыс жасау.